

ҒТАХР 19.41

К. Қамзин¹, А. Ташбаев²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университет, Алматы, Қазақстан

²Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗ ДӘСТҮРІ, ӨЗ ЖОЛЫ БАР

Аңдатпа: Мақала журналистік білім беру журналистика және қазіргі заманғы мәселелері тарихилық мәселелері көтеріледі. Нақты журналистика отандық және шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, зерттеуші жұртшылық, көрермендер мен нақты тұтынушыға ақпарат құралдарының жауапкершілік туралы көрсетеді. Сонымен қатар, автор бүгінгі ақпараттық-білім беру кеңістігін өз ойларын баяндайды.

Кілт сөздер: идеологема, әлеуметтік парадигма, бәске алаңы, сандық көрсеткіш, гуманитарлық қайшылық, технологиялық модельдер.

Осы шақта көсемсөз бен журналистика идеологемалық қана емес, идеялық, инновациялық-навигациялық көшбасшылыққа қол созып отыр. Бұл табиғи және жасанды эволюцияның нақты көрінісі. Қазіргі таңда ақпарат саласы (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен сервистен кейін)

экономиканың «төртінші секторына» айналды, осы шаруашылықпен шұғылданатындар саны Батыс елдерінде елу пайызға таяп қалды. Демек, бүгінгі заматта журналистиканы, басқа қоғамдық пәндерді қазақ топырағында да жаңа пайымдағы экономика саласына – ынталандырушы, пассионарландырушы, ақпарат өндіруші бағытқа жатқызуға әбден болады. Яғни журналистикамен жораласпау, оның ықылас-бейілінен сырт айналу бұл уақытта Жалқы есімге де, жалпы есімге де еш пайда әпермек емес. Осылайша бүгінгі қоғамдық сөз өнерінің методикасы мен формаларының аса прогрессивті, ажарлы ұлттық сипаты келбеттеніп, кемелденіп, бір елдің арнасынан асып-төгіліп барады. Өзіміз өмір сүріп отырған ғасыр журналистикасы, ақпарат құралдарының сан сипатты деректі игеру мен кәдеге жарату тәсілдері тікелей және жанама өндірістік күшке, ел экономикасының стандартты емес саласына айналуға. Заманалы ғарыштық қондырғылар, озық технологиялық модельдер, перспективалық математикалық болжамдар, ақпарат алмасу амалдары, болашақтық мәні бар әлеуметтік жобалар көсемсөз қисыны мен тәжірибесінің қас-қабағына қарай бой түзейтіні бірте-бірте айқындалып, ғылыми жұртшылық санасына сіңісіп келеді. Тетелес адамияттық һәм нақтылы пәндер мамандары масс-медиа аясында, коммуникация тану форматында сауатты да өтімді ойын өрнегін көрсетуі арқылы, мейлі, бәсеке алаңында болсын, мейлі, имидждік тұрпатта болсын игілікке жететінін нақты ұғына бастады.

Сондықтан коммуникология мен ғаламдану сабақтастығын еске алсақ, әлемдік сананы, әрине, жалпылық мәні бар проблемалар да, жекелік маңызы бар мәселелер де толғандырады. Оң-солын жете таныған дүние ешқашан индивидтер мен жеке мемлекеттер орбитасын місе тұтпайды, гуманистік әлем, сөз жоқ, идеялар мен информация төңірегіне топтасады. Осынау тезисті әрі қарай таратсақ, прогресивті ұлттық журналистиканың өркенін өсіру үшін Алаш зиялылар парадигмасымен генетикалық жағынан сабақтасқан, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы аналитикалық журналистикасының «дауыл мен бұрқасын» идеяларының жағымды зарядын сіңірген жандар пікір біріктіруде, тізе қосуда. Оларды да, қалың қазақ аудиториясын да бүгінгі таңда «кім?» және «не?» төңірегіндегі қусырылған жалаң мәліметтер қанағаттандыра алмайды. Образды, динамикалы контентті Батыс қаламгерлері де теориялық жағынан да, практикалық жағынан әлдеқашан мойындады. Осы тоқтамды мойындасақ, «журналистер республикасында» қордаланып, шешімін күтіп қалған проблемалар жетіп артылады. Ол журналистік білім беру саясатынан бастап, бүгінгі ұлттық коммуникация құралдарының шығармашылық және технологиялық мәселелерін түгелдей қамтиды. Ендеше, бүгінгі қазақ журналистикасының көкейтесті проблемаларын мемлекеттік деңгейде талқылаудың кезегі келіп-ақ тұр.

Ұлттық журналистика бұл күндері тепе-теңдік заңының аясында тіршілік етуде, ол тек идеологиялық тетік қана емес, сонымен бірге рухани капитал, бизнес саласы. Олай болса, қазақ журналистиканың ақпараттық рыноктағы ахуалын тексеретін, мониторинг жүргізетін Standard & Poor's секілді агенттік сұранып-ақ тұр[1]. Әлеуметтік парадигма мен алгоритм қағидалары бізге қазақ ұлысы, қазақ әлемі дүние жүзіне танылуы үшін оған ең алдымен озық журналистика керек дегенді табанды түрде ұсынып отыр. Көсемсөзтану ғылымының бір саласы – имиджелогия да бізге солай қарай жөн-жоба сілтейді. Ұлттық жігері мықты журналистика халықаралық аренада мүлтіксіз тіл қатса, ол қазақтың мәртебесі, Қазақстанның ұшпаққа шыққаны. Әлемдік журналистика полифониясын байытуға қанына жыраулар дабысын, қазақ домбырасы мен қобызының сарыны сіңген ұлттық көсемсөз оркестрі белсенді үн қосуы қажет. Сол себептен тәуелсіздіктің елең-алаңында ашылып, бертін келе жабылып қалған халықаралық журналистика мамандығын қайта қалпына келтіргеннен біз еш ұтылмаймыз. Оның үшін журналистика факультеті студенттерінің де, оқытушыларының да ана тіліне қосымша екі тілді – ағылшын және орыс тілін жыға танығаны құба-құп.

Журналистика қашанда адамгершілікпен, эстетикамен, биік талғаммен, көркемдік түсінікпен, тәлім-тәрбиелік мақсатпен тығыз байланысты. Ол қасиетті адам бабалар генінен, тәрбиесінен, өмір тәжірибесінен, оқу-тоқудан жұқтырады. Білімі мен білігі биік ұстаз өз студенттерін әманда өрге сүйрейді. Ендеше, оқытушылардың сапалық құрамын ұйыстыруда, ежелден келе жатқан шынайы, таза конкурстық жүйені қайтадан қалпына келтірген жөн. Праймериз ұйымдастырып –ұжым мен студенттер алдына дауыс беріп, белгілі бір тұлғаға көзқарасын білдіргені абзал. Ол сол ортаға сіңімділікті, бедел-берекетті анықтайды. Менің жеке пікірім: дүрмекке ілесіп алаөкпе бола бергенше, журналистика саласында нағыз университеттік толымды білімге, бес жылдық бағдарламаға қайта оралған жөн. Сонда сан да артады, сан сапаға көшеді, студент практикасына да уақыт табылады. Жыл сайын журналистика мамандығын 200-дей адам таңдаса, олар бес жыл оқыса – 1000 студент деген сөз. Солардың ішінен 1 жылдық магистратураға 20-30 адам алып қала алсақ – әбден жеткілікті. Нақты мысал керек болса, Ұлыбритания университеттерінің магистратурасы 1 жылдық. Талай сынақтан өткен ғылыми-тәлімгерлік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, келешектен үміті бар ЖОО ғылым мен педагогикаға бейімі бар студенттерді магистратураға 2-3курстарда сұрыптай бастайды. Осы ретте бұрынғы үлгі-өнегені де ұмытпаған жөн. Мәселен, танымал ғалымдарға міндетті түрде докторанттар, магистранттар таңдап алуға құқық берілсе дейміз. Ғылыми-зерттеу университеті саясатын дәйекті жүзеге асыру үшін потенциалы мықты профессорлардың іздену жұмысымен айналысуға, ғылыми еңбек жазуға қолын ұзартқан дұрыс, ежелгідей оларға ассистенттер бекітіп беру де еш артықтық етпейді. Ізбасарлар қалдыру, мектеп қалыптастыру үшін де қолайлы жағдай керек. Ұлттық ізгілік дәстүріне иек артқан профессор Бейсембай Кенжебаев ұлағатын еске алсақ, оның өзі іріктеп алған Рымғали Нұрғалиев, Мұхтар Мағауин, Мырзатай Жолдасбеков, Алма Қыраубаева сынды дарынды шәкірттерінің қандай биіктерге көтерілгенін көзі ашық жұрттың бәрі біледі. Мұндай ұлттық ерекшелікті, діттей қарасаңыз, Болон үдерісі де бекерлемейді.

Осы күні ақылы оқудың проблемалары да айқын көріне бастады. Журналистика факультетіне қаржы төлеп оқу құқығына ие болғанымен, бейімі, дарыны жоқ жастан жақсы маман шықпайтыны бесенеден белгілі. Бұл адам құқығы мен мүмкіндігі арасындағы гуманитарлық қайшылық. Көркем әдебиетті, әсемдік талғамын аңдамағаны былай тұрсын, логикалық мәдениеттен жұрдай, тыныс белгісін дұрыс қоя алмайтын жастардың журналистика өнерінде не таласы бар? Бұл не десек те, әрине, ең алдымен орта мектептің түйіткілі. Қалай десеңіз де, жоғары оқу орны «ликбездің» міндетін атқармауы керек. Қазіргі кезде телевизия экранынан жылт етіп көрінуге құмар сауатсыз айташылардың қаптап кеткенінің

басты себебі де сол.

Сессия кезіндегі емтихан қабылдау тәртібін де кеңесе отырып көгерткен жөн. Меніңше, пән билетіндегі 3 сұрақтың соңғысы 3-4 курс студенттерінің өз шығармашылығынан түзілгені оң болар еді. Ал магистратурада үшінші сұрақ жас зерттеушінің ғылыми жұмысына қатысты құралғаны абзал.

Өз кәсібін құлай сүйе білген адам – нағыз маман. Әйгілі театр реформаторы К.С. Станиславскийдің өнер мен актер арасындағы қарым-қатынас туралы максимасы («өнердегі өзінді емес, өз бойындағы өнерді сүй»), сөз жоқ, журналистерге де қатысты[2]. Консерваториядан, театр, кинематография сияқты жоғарғы өнер мектебінен кәсіби икемсіздігі үшін оқудан шығарып жатады. Қоғамдық пікір тізгінін ұстайтын болашақ сөз шеберлеріне біз де сондай қатал талап қоюымыз қажет. Ал өзімізге, қазіргі ұстаздар контингентіне, келер болсақ, практикалық журналистика саласында бір күн де тер төкпеген адам теория мен практика хақында өнеге айтып еш опа таптырмайды дер едім.

Бұл күндері сыртпен қарым-қатынасымыз әжептәуір, басқа жұрттан келіп-кетіп жүрген оқытушы-мамандар саны да жетерлік. Дей тұрғанмен сол шет елден ат-түйедей қалап шақырылған оқытушылар біліктілігін анықтау үшін магистранттардың, докторанттардың жазбаша түрдегі пікірлерін білгеніміз еш артық етпейді. Өйткені өзім сабақтарына қатысқан талай сырт көз профессорлардың дәрістері мен семинарларының деңгейі тым төмен, тартымдылық нәтижесі – ғылыми қауымды сертификат үлестірумен қызықтыру ғана. Әлі күнге дейін біз профессор-оқытушылар біліктілігін анықтауда тек сандық көрсеткіштерге жүгінеміз, сапалық көрсеткіш мүлде еске алынбайды десе де болады. Оның да өзіндік себебі бар. Біріншіден, сапалық көрсеткішті анықтаудың азабы көп, екіншіден, қазақ тілінде жарық көрген ғылыми-шығармашылық еңбектерге баға бере алатын деңгейдегі маман көпшілік ректорат маңайынан табылмайды. Қазіргі кезде мерейі үстем болып тұрған кредиттік жүйенің де өзіндік артықшылықтары мен босандықтары байқала бастады. Артықшылықтары: оқытушылар мен студенттердің ұтқырлығы, жауапкершілігі артты, электронды оқулықтар мен оқу құралдары жарыққа шыға бастады, дистанциялық білім беру жолға қойылды, видеодәрістер, виртуалды зертханалық сабақтар жүйеленуде, оқытушылар шет тілін үйренуге ден қойды, халықаралық ғылыми байланыстар күннен күнге артып келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 20 ғылыми инновациялық жоба табысты жүзеге асты, ректорат бастамасымен «100 кітап жобасы» іске қосылды, оқытушылардың Thomson Reuters және Scopus санатындағы ғылыми мақалалары легі көбеюде. Ең бастысы, ғылым мен білім реформасына ғылыми-педагогикалық ортада жағымды көзқарас белең алды. Сонымен қабат әзірге үдеріс жолындағы кредиттік әдістің өзіміздік

нұсқасының кемшін тұстары да, түзетер тұстары да жетерлік: студент пен оқытушының күні бойы аудитория маңайынан ұзамауы шығармашылық ұмтылысты тежейді. Ондай асқын салмақты ешбір тән де, жан да көтере алмайды, алты сағаттан кейін қандай данышпан дәріскердің болсын лекциясын студент миы сіңіре алмайды. Осының бәрі жөн болар ма еді, егер газет, журнал редакциялары, республикалық және қалалық телеарналар, мәдени, рекреативті зертханалар әр университеттің өз ішінде болса. Оның үстіне журналистикада білім мен тәжірибе зияттыайналамен, қоршаған ортамен тілдесу жолымен жиналатыны ешкімге құпия емес. Қай заманда болмасын публицистика мен журналистика – тарихи үдеріс жемісі, әрі стратегиялық, әрі тактикалық қару. Жалпы тарихи эволюция үздіксіз десек, қазақ тарихы да үздіксіз, біртұтас. Қазіргі күні тарих идеологиялық текетірес құралына айналды. Ал тарих ұлттың өзіндік санасымен тікелей байланысты. Халықтың өзіндік санасы бұқара іс-әрекетіне әсер етер пәрменді фактор. Біздің ұлттық тарихтан айрылғанымыз – даралықтан айрылғанымыз – даралықтан айрылғанымыз – иммунитеттен айрылғанымыз, ұлттық даналықтан, ұлттық танымнан жұрдай болғанымыз. Қорғанышсыз ел – құлдыққа бас иген ел. Осы, кейінгі жылдары, біздің неотеоретиктер ұлттық құндылықты қорғаушыларды консерваторлар, кертартпа топ өкілдері, ел бірлігіне іріткі салушылар деп үркітуді үрдіске айналдырып алды. Бұл стратегиялық жағынан қате де зиянды түсінік. Олар, қайта, ұлтты ұйыстырушылар, тұтастандырушылар, ал елді алатайдай бүлдірушілерді сырттан, мәдени-ақпараттық экспансиядан іздеген жөн. Блогосфера, әлеуметтік желілер реті келгенде саяси арандату, ұлттық мемлекетке ықпал-әсер ету үшін ұтымды пайдаланылады. Мәселен, қазақ тілі туралы заңға байланысты «бостандықшыл» интернеттің шабынған, тепсінген пікірлер легін ұйымдастыру науқаны соның айқын дәлелі. Демократиялық Батыс, тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, қай салада болмасын, тек күш әлеуетін ғана мойындайды. Бет-әлпеті репродукцияланған елді ешкім де сыйламайды, ондай клондармен ешкім де санаспайды. Өзіндік «менінен» айрылған жұрт информациялық, саяси және экономикалық қақпайлауға көнбіс те иліккеш келеді. Осы тұрғыдан барлап-байқасаңыз, араб дүниесіндегі, Ресейдегі саяси-экономикалық дүрбелеңдерді әлеуметтік желілер, сан санаттағы блогерлер ұйымдастырып, бағыт-бағдар нұсқап, жол сілтеп отыр.

Біздің ақпараттық кеңістікке блогтық жұтаң тіл, кибер ой жүйесі жедел сіңісіп алды. Тіпті аса бай, аса құнарлы қазақ тілінің варианты осы деуге сенгің де келмейді. Өтпелі, уақытша құбылыс болса да қазіргі Интернет сауатсыздық резервациясына, шала сауаттылардың дау-дамай, байбаламы мен бетжыртыс алаңына айналды. Ол – индивидтер, жіктер, әлеуметтік топтар мәдениеті мен көзқарасының айнасы, сонымен қатар психологиялық терапия, тұрмыстық тауқыметтен, сыбағалы

мифологемадан дистанциялық тілдесу, ақпарат алмасу арқылы арылудың әдісі. Белгілі бір дәрежеде көңілдегі кірді кетіру, психологиялық дерттен емделу тәсілі. Интернет – ортақ тарихи талқының, ортақ тарихи құлазудың да көрінісі.

Бұл заматта қазақ журналистикасы көркемдіктен жүрегі кілкіп, тіл диетасына көшкен сықылды. Мәзірдегі жанрлық мәтін сан түрі болу керектігін мүлде ұмытқандай. Бәлкім, менікі асылық шығар, бірақ қазіргі журналистер белгілі бір бағытқа бейімдендірілген аниме роботтар мен трансформерлерге айналып бара жатқандай. Оны өздері де сезбейтін сияқты. Ал «бейтарап ақпарат» жалауын желбіретушілер журналистиканы азаматтық позициядан, саяси реңнен аулақтатуды көздеуде.

Қазір ақпараттық кеңістікте құндылық ауыстыру, түсінік пен ұғымды өзгерту мақсаткерлікпен жүргізілуде. Егер индивидтің санасы мен жадынан өткен жылдар өнегесін өшіріп тастасаң, ол кез келген идеяны таңбалайтын таза тақтаға айналады. Осы астарлы саясатты, залады тенденцияны барлық пәндер (мәдениет, экономика, ғылым, саясат және т.б.) территориясында өнімді жұмыс істейтін журналистика талайдан бері жазып та келеді, айтып та келеді. Өйткені журналистика мен мәдениет – ел қорғанысы, ол қатардағы қазақтың әділдік пен әділеттілікке деген сұранысын қамтамасыз етуші бірден-бір құрал. Сондықтан біз мақұлдаушы, малданушы, сауықшыл, тоқмейілсіген журналистикадан іргені аулақ салып, талдаушы, расшыл журналистиканы өркендетуіміз керек. Қай салада болмасын пікір даралығы бағаланады, шет елде де сенің ұлттық мүдденді, өзіндік ерекшелігінді жан-тәніңмен қорғауыңды қадір тұтады.

Журналистика дәулеттілерге, нетократтарға қызмет көрсететін даяшы емес. Баспасөздің ежелден қалыптасқан моральдық нормалары, ұлттық эталоны бар. Ұлттық ақпараттық кеңістікті тіпті ең жақын одақтастарыңа да бермеу керектігін, оны көздің қарашығындай қорғау керек екенін австралиялық медиамагнат Руперт Мердоктың Англиядағы News of the World газетінің жабылуы тағы бір рет дәлелдеп берді. Демократиялық үрдісті мықтап ұстанатын елдің бұл позициясы бізге де қажет. Ақпараттық тоталитаризм, адам болмыс-бітімін виртуалды дизайндау сияқты бейгуманистік тәжірибе бізге жат болуға тиіс. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-ыншы сессиясында электронды экстремизм туралы мәселе көтеріп, халықаралық ақпараттық кеңістікті заңды жолмен реттеу туралы байыпты ұсыныс енгізді. Сол идеяларды ілгерілете түссек, бұрыннан қалыптасып қалған қасаң стандарттарды өзгертудің күні туды, оған қазақ дүниесі де, ойшылдары да дайын. Мысалы, азаматтық қоғам туын ұстаушылардың «өркениет, заман көшіне ілесу» деген тұжырымы бүгінгі күні сәнге

айналып, сол қағиданың дәурені жүріп тұр. Сонда заман көші, өркениет қадамы дегеніміз Батыстың, не болмаса АҚШ-тың даму үдерісі ғана ма? Ол түркілердің, Шығыс әлемінің, нақтылап айтқанда, қазақ ұлысының, қазақ өркениеті мен мәдениетінің алға басу жолы, бет-ажары толысып келе жатқан жұрттың прогреске ұмтылысы емес пе? Ағылшын археологы Гордон Чайлд өзінің «Прогресс және археология» кітабында[3] адамзат қауымдастығы арасында экономикалық және мәдени ауыс-күйіс туралы айта келіп, мынадай қызықты деректерді алға тартады. Жоғары палеолит дәуірінде игіліктердің таралу радиусы 800 километр болса, біздің заманымызға дейінгі екі мыңшы жылдары экономикалық және мәдени байланыс радиусы 8 мың километрге жеткен, ал біздің дәуіріміздің ҮІІ ғасырында ондай алмасу бүкіл Азия, Африка мен Европаны қамтыған. Демек, ғаламдасу атты саяси және экономикалық теориясының тарихи отаны да, тарихи негізі де ап-анық. Ал қазіргі жаһандану теориясының батыстық моделінде эмбебаптық, патерналистік сипат басым. Тіпті, мен айтар едім, творчестволық еркіндікке жол бермейтін тоталитарлық ой-сана үстем. Ол дамушы елдердің, шығыс менталитетін ескере бермейді. Жаһандану қисынын әлем биігіне шығарғысы келетіндер экономика, саясат, ғылым мен технология, инновациялық тәсілдер, мәдениет формалары тек Батыстан өріс алып, тек күнбатыстан тарау керек деген ескірген тұжырымға сүйенеді. Ежелгі еврокіндіктік ұғымның бұл да бір көрінісі. Осы ретте философия ғылымдарының докторы, профессор С.Б. Бөлекбаев Н.С. Трубецкойдың «Европа и человечество» атты кітабынан мына бір үзіндіні орынды келтіреді: «Европейцы просто приняли за венец эволюции человечества самих себя, свою культуру и, наивно убежденные в том, что они нашли один конец предполагаемой эволюционной цепи, быстро построили всю цепь. Никому в голову не пришло, что принятие романо-германской культуры за венец эволюции чисто условно, что оно представляет из себя чудовищное *petitionprinciple*. Эгоцентрическая психология оказалась настолько сильна, что, что в правильности этого положения никто и не усомнился, и оно было принято всеми без оговорки, как нечто самое собою разумеющееся» [4, с. 38].

Тарихи сабақтастық заңдылығын еске алсақ, өркениет пен мәдениет көші шығыстан басталғанын осы күні зиялы жұрттың бәрі мойындайды. Ендеше, қазіргі озық ойдың түп тамырын шығыстық философиядан іздеген жөн. Сондықтан дәл қазіргі уақытта жаһандану процесінің шығыстық үлгісін ұсыну, күн тәртібіне қою – аса зәру мәселердің бірі. Амбициялық мақсаттарды алға қойған қазақ ойшылдары тіпті ғаламдасудың шығыстық, бүкілтүркілік, қазақтық теориясы мен практикасын жүзеге асыра алады. Ол теория ең алдымен әр елде өмір кешіп жүрген қазақ ұлтының мүддесіне сәйкесіп жатуы қажет. Бұл теорияда әр ұлттың еркін өркендеуі, соның арқасында әлемдік өркениет пен мәдениетке өзіндік үлес қоса алуы, бауырластық, адам құқықтары,

демократизм принциптерін ұлттық прагматикамен үйлестіруі айқын бедерленуі керек. Яғни планетарлық қауымдастық алдында ұлттық жауапкершіліктің беделін көтеру, ұлттық жауапкершілік пен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы байланысты нығайта түсу. Соның жарқын көріністерінің бірі – 2011 жылы қазан айының аяғында Алматыда өткен түркі елдері басшыларының бас қосуы, іле-шала Анкарада түркі тілдес елдердің медиа-платформасының құрылуы.

Қазіргі заманда азаматтық қоғам орнату идеясы философияға, әлеуметтануға ғана емес, журналистика саласына да әсер етуде. Коммуникавистика ғылымы толықтай толысқан азаматтық қоғам қағидасына иек артады. Азаматтық қоғам әсте біртектілікті білдірмейді, ол – ұлттық құндылықтардың, оның ішінде әділдік пен заңның, тұлға әлеуетінің кемелденуі. Ол бастамаларды шығыс ойшылдары, әсіресе әл-Фараби өз философиялық трактаттарында әлімсақтан шегелеп, орнықтырып кеткен. Ұлы ойшылдардың сөзімен айтқанда, азаматтық қоғам – азаматтың эволюциясы, сол арқылы қоғамның, әр ұлттың гүлденуіне мүмкіндік туғызу. Ұлттық журналистика да сол сияқты – бұл дәстүр жалғастығы, тарихи сабақтастық.

Қазақстандағы әзірше ел құлақ түретін, сеніммен қарайтын беделді институттардың бірі – баспасөз. Оның үні ресми мәлімдемелер мен дипломатиялық рауттардағы спичтерден де дуалы екенін іш те, сырт та аңғарады, журналистиканың ілгерінді ой мен идея инвестициялайтыны және мәлім. Бірақ бір қамығарлығы, қазақ көсемсөзі жағымды өнегеден, оң мысалдан алыстап барады. Біздегі жақсы мәлімет, жібі түзу кейіпкер саны әзірге формулярлық тізімнің басынан аса алмай келеді. Әрине, Қазақстандағы кей проблеманы бейнелеу үшін, шындықтың бетіне тіктей қарау үшін кей ретте Персейдің қалқаны керек. Заманалы журналистика билікпен, әкімшілікпен тайсақтамай тілдесе алса ғана – ол «төртінші билік». Ол, әлбетте, әр журналистің өзіндік таразысы мен азаматтық ұстанымына қарайлайды.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда өздерін әлеуметтік пікірді зерттеу институттары деп жарнамалап жүрген мекемелердің білігі де, кәсіби ұстанымы да қалыптасу, даму үстінде. Демек, олардың деректері әлі бе болса әлсіздеу, халықаралық қауымдастықтың сеніміне ие болып отыр деп айта алмаймыз. Сондықтан баспасөздегі озық идеялар мен пікірлерді жинақтайтын, сараптайтын инновациялық идеялар банкін, әр оқытушының ғылыми-шығармашылық жұмыстары мен құжаттарының ақпараттық банкін ұйымдастыру қажет. Ол сателлиттік пиғылдан ада, батыстық, не болмаса ресейлік бағдардың ықпалында болмауы тиіс. Сонымен қабат озық идеялар, инновациялық жобалар құнды қағаздар сияқты биржада сатылуы керек. Рыноктық қарым-қатынас заңының бір парасы, міне, осы. Бүгінгі таңда дәурені жүре бастаған әлеуметтік желілер, электронды ақпарат құралдарының ықпалы мен әлеуеті де

әлсірейтін кез әлі алда. Ол да классикалық ақпарат құралдары сияқты келе-келе модадан қала бастайды. Сол уақытты мөлшерлеп көрсете алатын, модельдей алатын озық қызмет керек. Ол рынокты жобалау, товар ассортиментін өзгерту, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жаңа тұрпаттағы мамандарды даярлау үшін аса қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Стандарт энд Пурс // Алматы: халықаралық қаржы рейтингі агенттігі, 2015. – 581 б.
2. Станиславский К.С. Собр. соч. в восьми т. – Т. 1 / К.С. Станиславский. – М.: Искусство, 1954. – 315 с.
3. Чайлд Г. Прогресс и архитектура / Г. Чайлд. – М.: Иностранная литература, 1949. – 341 с.
4. Булекбаев С.Б. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию / С.Б. Булекбаев. – Алматы: BAViSsystems, 2016. – 234 с.

К. Камзин¹, А. Ташбаев²

¹*Казахский Национальный университет им.Эль-Фараби, Алматы, Казахстан*

²*Университет им. Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан*

ПУТИ РАЗВИТИЯ НАРОДНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ

Аннотация: В статье затрагиваются вопросы историзма в публицистике и современные проблемы журналистского образования. Опираясь на отечественный и зарубежный опыт реальной журналистики, исследователь размышляет об ответственности масс-медиа перед обществом, аудиторией и конкретным потребителем. Наряду с этим, автор излагает свое видение сегодняшнего информационного и образовательного пространства.

Ключевые слова: идеология, социальная парадигма, ставка на платформу, цифровой, гуманитарный, конфликты и технологические модели.

К. Kamzin¹, A. Tashbaev²

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

Abstract: Historicism questions in public journalism and modern problems of journalistic formation are mentioned in the article. Based on domestic and foreign experience serving journalism, the researcher reflects on responsibility of mass media to the society, audience and the concrete consumer. Along with it the author states his vision of today's information and

educational space.

Key words: ideology, social paradigm, the rate on the platform, digital, humanitarian, conflict and technological models.